АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2020 жылғы 12 22

№ 247

Атырау қаласы

город Атырау

Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 28 қарашадағы №361 «Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27, 37-баптарына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 65-бабына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 28 қарашадағы №361 «Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жарғысы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Б.Қ.Хаменоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Облыс әкімі **М.Досмұхамбетов**

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚҰҚЫҚТАРЫН ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
ЖО 22 ж. «04» 02
БСН 141240013435
№ 5032-1915-НАО-ТН
БАСТАПҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 2014 ж. «15 12

Атырау облысы әкімдігінің
2020 жылғы «22» 12
№247 қаулысына
қосымша

Атырау облысы
әкімдігінің 2014 жылғы
28 қарашадағы №361 қаулысымен
бекітілген

Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқарамасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 28 қарашадағы №361 қаулысына сәйкес құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы болып Атырау облысы әкімдігі табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).

4. Кәсіпорынның мүлкіне катысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Құрылтайшы жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган болып «Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасы» (бұдан әрі - Басқару органы) табылады.

6. Кәсіпорынның атауы: «Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 060003, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, М.Әуезов көшесі 28 А.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

18.01.2022 ЖАЛПЫ МҚО (7.23.0 нұсқасы) Қағаз электрлік құжатпен бірдей. Валидациялық результат проверки ЭЦП

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЕКЕШЕ ҚҰҚЫҚТАРЫН ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
ОО 22 ж. « 04 » 02
БСН 141240013435
№ 5032-1915-КАО-ТТ
БАСТАПҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 2014 ж. « 15 12

Атырау облысы әкімдігінің
2020 жылғы «22» 12
№249 қаулысына
қосымша

Атырау облысы
әкімдігінің 2014 жылғы
28 қарашадағы №361 қаулысымен
бекітілген

Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт баскарамасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 28 қарашадағы №361 қаулысына сәйкес құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы болып Атырау облысы әкімдігі табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).

4. Кәсіпорынның мүлкіне катысты субъектінің құкығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Құрылтайшы жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган болып «Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасы» (бұдан әрі - Басқару органы) табылады.

6. Кәсіпорынның атауы: «Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

7. Кәсіпорынның орналаскан жері: 060003, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, М.Әуезов көшесі 28 А.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

18.01.2022 ЖАЕЖ МО (7.23.0 нұсқасы) Қағаз электрлік құжатпен бірдей. Толықтырылған результат проверки ЭЦП

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні спорт саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру, спорт саласын дамыту болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты халықаралық деңгейдегі біліктілігі жоғары спортшыларды, спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларын бас жарыстар-чемпионаттарға және біріншіліктерге жиынтықтау және дайындау, республикалық және халықаралық жарыстарда Атырау облысының спорттық намысын қорғау болып табылады

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:

1) Атырау облысының жергілікті тұрғындарынан облыстық команданың ревервін дайындау және шеберлермен толықтыру мақсатында спорт орталығын құрады;

2) мемлекеттік тапсырыс шегінде немесе демеушілік қаражат есебінен өңір, ел ішінде және шетелдерде юниор жасынан бастап халықаралық деңгейдегі ойыншыларға дейін спортшыларды іздестіру, іріктеу және дайындау бойынша селекциялық жұмысты мақсатты жүргізеді;

3) Басқару органымен тараптардың келісімі бойынша өтеулі негізде жаттықтырушылық консультативтік, ақпараттық және өзге де қызметтер көрсетеді;

4) белгіленген тәртіпте спортшылар мен жаттықтырушыларды шақыру жөнінде келісімшарттар жасасады;

5) Мемлекеттік тапсырыс шегінде Уәкілетті органның, Басқару органының жоспарларына сәйкес республикалық, облыстық, қалалық және өзге деңгейдегі спорттық іс-шараларды өткізу кезінде консультациялық, тәжірибелік, ақпараттық және жарнамалық жұмыс жүргізеді. Облыстық және қалалық балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің жұмысын үйлестіреді және оларға көмек көрсетеді.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына

18.01.2022 ЖАДОК №147210 нұсқасы) Қазақ электрондық документ. Полный результат проверки ЭЦП

қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Кәсіпорынды басқару

17. Құрылтайшы:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) Коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітіп береді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

6) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Басқару органы:

1) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

7) шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

8) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып табылады.

20. Басқару органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

18.01.2022 ЭҚАБЖ МО (7.2.0 нұсқасы) Қағаз электрлік құжатпен. Электрондық нұсқаны тексеру нәтижесі

21. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңнамамен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банк шоттарын ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін Басқару органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) мыналарға:

қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;

таза табыстың белгіленген бөлігін уақытылы бюджетке аудармағаны үшін жеке жауапкершілікте болады.

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

23. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша, не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5. Кәсіпорынның мүлкі

24. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

25. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

26. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

18.01.2022 "ЕСАБ" МО (7.23.0 нұсқасы) Қаған электрлік деректер. Пәрмеуілдік результат проверки ЭЦП

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

27. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

28. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

29. Жедел басқару мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқару жүргізуіне түседі.

30. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу (жедел басқару) құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

31. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

32. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162-баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

33. Кәсіпорын осы Жарғының 31-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті Құрылтайшының, Басқару органының жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

34. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

35. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

36. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

37. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес өткізеді.

18.01.2022 "ЭСАЕК МО" (7.21.0 нұсқа) Қазақ электрлік деректер (Электронный результат проверки ЭЦП)

38. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

39. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

40. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына Басқару органының келісімі бойынша шағын және орта бизнес үшін халықаралық стандартқа немесе қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

41. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

42. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорының қалған мүлігін алып қоюға жол берілмейді.

43. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

10. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

44. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Басқару органы белгілейді.

45. Кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын

18.01.2022 ЖАЕК №017.310 нұсқасы. Қазақ электрлік нұсқасы. Полный результат проверки ЭЦП

ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен белгілейді.

46. Кәсіпорының басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін Құрылтайшы, Басқару органы белгілейді.

11. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

47. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

48. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

49. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшы шешімі бойынша жүргізіледі.

50. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Құрылтайшы (Басқару органы) жүзеге асырады.

51. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

52. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

53. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар, Құрылтайшы актісімен енгізіледі.

Результаты согласования

24.11.2020 17:06:25: Ибрагимов Р. Х. (Управление физической культуры и спорта Атырауской области) - - согласовано без замечаний

24.11.2020 16:09:59: Кабдешов Е. Г. (Государственно-правовой отдел аппарата акима Атырауской области) - - согласовано без замечаний

30.11.2020 17:06:35: Шагирова М. М. (Государственно-правовой отдел аппарата акима Атырауской области) - - согласовано без замечаний

30.11.2020 14:35:48: Косанова А. А. (Аппарат акима Атырауской области) - - согласовано без замечаний

30.11.2020 18:16:32: Ешекеева А. Г. (Организационно-инспекторский отдел аппарата акима Атырауской области) - - согласовано без замечаний

30.11.2020 18:30:51: Демегенов С. Ж. (Управление финансов Атырауской области) - - согласовано без замечаний

01.12.2020 13:27:19: Салимбаев А. С. (Управление экономики и бюджетного планирования Атырауской области) - - согласовано без замечаний

02.12.2020 10:50:03: Тухфатов Б. З. (Управления энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Атырауской области) - - согласовано без замечаний

18.01.2022 "ЖАЕК" КВ (7.7.0 нұсқасы) Қазақ тілдегі электрондық деректер Заңнамалық деректер базасы

02.12.2020 11:23:40: Исаков Б. А. (Аппарат акима Атырауской области) - - согласовано без замечаний
02.12.2020 10:26:04: Абылханов Е. Д. (Аппарат акима Атырауской области) - - согласовано без замечаний
02.12.2020 11:29:22: Хаменова Б. К. (Аппарат акима Атырауской области) - - согласовано без замечаний
04.12.2020 11:12:58: Ажгалиева А. Т. (Аппарат акима Атырауской области) - - согласовано без замечаний
04.12.2020 13:08:15: Айдарбеков С. К. (Аппарат акима Атырауской области) - - согласовано без замечаний
22.12.2020 12:09:57: Курмангалиева Г. У. (Аппарат акима Атырауской области) - - согласовано без замечаний

Нөмірленіп, тігілді
Барлығы 9
бетте

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ ГРАЖДАН»

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша филиалының Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және заңды тұлғаларды тіркеу бөлімі

Заңды тұлғаны құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен қосымшаларды тіркеу туралы анықтама

БСН141240013435

Атырау қаласы 15.12.2014

Атауы:	Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының "Жоғары спорт шеберлігі мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
Орналасқан жері:	Қазақстан, Атырау облысы, Атырау қаласы, Мұхтар Әуезов даңғылы, 28А ү.
Басшы:	Заңды тұлғаның уәкілетті органымен тағайындалған(таңдалған) басқарушы КИСМЕТОВ РУСТЕМ ГИНИЯТОВИЧ
Құрылтайшылар (қатысушылар):	"Қазақстан Республикасы Атырау облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі

Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес анықтама заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден өткенін растайтын құжат болып табылады

Тіркеу органының басшысы:	Жумагалиев А.Т.
Берілген күні:	04.02.2022